



## ҚҰТТЫҚТАУ

Е.Б. Алгазиев, А.Р. Халимов

### МАЙТАЛМАН ТҰЛҒАНЫҢ 60 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫ

Еліміздегі заманауи нейрохирургияның беделді әрі белді мүшесі, Алматы қаласындағы №7 қалалық клиникалық аурухана Нейрохирургиялық орталығының жетекшісі, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ның академик С.Қ. Ақшолақов нейрохирургия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы Дүйсембеков Ермек Кавтайұлы 2024 жылғы ақпан айының 5-ші жұлдызында 60 жасқа толды.



Жастық шағы

Мерейтой иесі бұрынғы Целиноград, қазіргі Астана қаласында дүниеге келген. Медицина саласындағы өмір жолы 1987 жылы Алматы Мемлекеттік медицина институтын сәтті тәмамдағаннан кейін басталады. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң, Атырау қаласындағы балалар ауруханасында жалпы балалар хирургі, сондай-ақ балалар нейрохирургі болып 1987 жылдан 1995 жылға дейін абыройлы жұмыс істеген. Осы жылдар аралығында жергілікті деңгейде жасауға болатын оталардың барлық түрін меңгеріп, өз ісінің шебері болып алады. Дейтұрғанменде биік белесті, жаңа ғылыми бағытты бағындыруға талпынып тұратын бойдағы қуаты бір арнада тұрақтап қалуға тиянақ бермейді. Осыған орай мақсатты ойдың тізгінін тартып үлкен сапарға аттанады. 1995 жылы Мәскеу қаласындағы Н.Н. Бурденко атындағы ұлттық медициналық зерттеу институтына түсіп, нейрохирургия бойынша клиникалық ординатураны және аспирантураны аяқтайды. Оқумен қатар осы институтта және Боткин атындағы шұғыл көмек көрсететін ауруханада да дәрігер-нейрохирург болып қызмет

жасайды. Нардың жүгіндей ауыр жұмысты қиындыққа баламай, жалпы көпшіліктің уысына түсе бермейтін ғылыми жұмыстарға құлаш сермеген. Көп жылғы жүйелі түрде жасалған ғылыми еңбегінің нәтижесін 2000 жылы “Балалардағы хиазма глиомасын хирургиялық емдеуді талдау” тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын қорғау арқылы көрсетті.

Яғни сол 2000 жылы елге оралғаннан кейін, Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының (АМДБЖИ) нейрохирургия кафедрасында ассистент, доцент ретінде қызметін жалғастырады. Ал 2002 жылдан 2007 жылға дейін, №7 қалалық клиникалық ауруханасында кафедра меңгерушісі м.ғ.д. Ақшолақов С.Қ. және ардагер нейрохирург Көжеков М.К. бастамасымен балалар нейрохирургиясы бөлімшесін ашып және осы бөлімшенің меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 2007 жылдан бастап осы кезге дейін №7 клиникалық ауруханада №4 нейрохирургия бөлімшесінің меңгерушісі қызметін абыроймен атқаруда.



Көжеков М.К.



Ақшолақов С.Қ.

Елбасының тапсырмасымен 2008 жылы Астана қаласында Ұлттық нейрохирургия орталығының құрылуына байланысты Серік Қуандықұлы бастаған бір топ нейрохирург өкілдері елордаға ауысып, үлкен даңғыл жолды бастап кетеді. Ал Қалқамандағы нейрохирургия орталығы қарашаңырақ ретінде еліміздің оңтүстік аймағында жоғары мамандандырылған көмегін жалғастыру-

да. Ермек Кавтайұлы сол 2008 жылдан 2021 жылға дейін Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты нейрохирургия кафедрасының меңгерушісі болды, кейінірек кафедра толық құрамымен С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ға ауысты. Осы кафедрада меңгерушілік қызметін әлі де жалғастыруда және 2021 жылы кафедраға академик С.Қ. Ақшолақовтың аты берілді.



2010 жылы «Қазақстандағы бас миы қатерлі ісіктерінің клинико-эпидемиологиялық сипаты және нейрохирургиялық көмекті оңтайландыру» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды.



Дүйсембеков Ермек Кавтайұлы – жоғары дәрежелі дәрігер, Алматы қаласы денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас нейрохирургі.



Нейрохирург ретінде бір жылдың ішінде әртүрлі қиындықтағы 300-ге жуық оталарды жасайды. Оталар жайында тоқтала кетсек, олар – мидың әртүрлі бөлімінде орналасқан миішілік ісіктерге, экстрацеребральді ісіктерге (менингиома, невринома, аденома) және ұзақ жылғы тоқтаусыз терең еңбекпен мол тәжірибеге негізделген мидың терең бөлімдерінде орналасқан қиын қол жетімді ісіктерге (хиазмальді-селлярлы аймаққа, қыртысасты түйіндергі, мишықкөпір бұрышына, петрокливальді аймаққа және III қарыншаға) транскраниальді микрохирургиялық ота жасау. Сонымен қатар үшкіл жүйкесінің, бет жүйкесінің невралгияларында микроваскулярлы декомпрессиялық оталарын және бет жүйке талшығын экстрацеребеллярлы реиннервациялау отасын жасайды. Жалпы

әлемдік нейрохирургияның, әсіресе, дамыған елдердің жаңа технологияларын, құрал-жабдықтарын және микрохирургиялық аспап-құрылғыларын өз еліміздің клиникасында қолданып, әрі үнемі дамытуға бар күш-жігерін салып келеді. Сол жетістіктердің бірі бас миының қатерлі ісіктерін алу кезінде флюоресцентті диагностика жасау. Бұл әдіс өз кезегінде ісік жасушаларын толық алып тастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мидың қызметі маңызды аймақтарына немесе жүйке талшықтарын зақымдайтын ісіктерге микрохирургиялық ота жасаған сәтте нейрофизиологиялық бақылауды (нейромониторинг) қолдану арқылы, науқаста болуы мүмкін неврологиялық жеткіліксіздіктің ықтималдығын азайтатын оталарды жүйелі түрде жасайды.



Ғылыми бағыттағы еңбектеріне тоқтала кетсек, соңғы бес жылда 50-ге жуық мақалалар, 25 тезистік жұмыстар және 2 монографияны республикалық және шетел басылымдарында жариялаған. Сонымен қатар ұстаз ретінде қайта даярлау, білік-

тілікті арттыру және резидентура білім бағдарламаларын қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыстар жасауда.

Қазақстан нейрохирургиясы және неврологиясы атты ғылыми-тәжірибелік журналы редакция



алқасының мүшесі және ҚР ДСМ нейрохирургиялық патологияларды емдеу, диагностикалау бойынша хаттамаларды қалыптастыру бойынша тұрақты қатысушы.

Азаматтық борышы ретінде қоғамдық қызметтерге де белсенді қатысады, Қазақ нейрохирургтары ассоциациясының Алматы қалалық филиалының төрағасы. WFNS және Азия нейрохирургтары ассоциациясының белсенді мүшесі. Ұйымдастыру комитетінің құрамында халықаралық, республикалық және қалалық конференцияларда, тақырыптық семинарларда және шеберлік сабақтарына да үнемі қатысады.

Осындай орасан зор үлкен еңбек үкімет тарапынан және әртүрлі ұйымдардың ұсынысымен бағаланып та жатыр. Солардың бір айғағы – 2013 жылы «Денсаулық сақтау үздігі», 2016 жылы «Алтын дәрігер», 2019 жылы «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2021 жылы IPHCC «Gold Scalpel» ордені және медицина саласына қосқан еңбегі үшін Алматы қаласы әкімшілігінен көптеген алғыс марапаттау хаттарын алған.

Ермек Кавтайұлы өзінің әріптестерінің және шәкірттерінің алдында үлкен абыройға ие, ол кісінің жетекшілігімен ғылыми жұмыстар, магистрлік және докторлық диссертациялар қорғалып жатыр.



Кафедрадағы әріптестері және еліміздің барлық нейрохирургтары атынан Дүйсембеков Ермек Кавтайұлын жаңадан келіп жеткен 60 жас мерейтойымен құттықтаймыз, ізгі-ниет білдіре отырып, зор денсаулық, отбасылық бақыт, еңбекте табыс, қажымас қайрат, ұстаздық жолында талмас қанат тілейміз.

*Қазақ нейрохирургтар ассоциациясы және Қазақстан нейрохирургиясы және неврологиясы журналы Дүйсембеков Ермек Кавтайұлын 60-жылдық мерейтойымен құттықтайды. Ермек Кавтайұлына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбекте табыс тілейміз.*